



1.1. Зейнетақы жүйелерінің түрлері

Дүниежүзілік тәжірибеде қаржыландыру қағидаты бойынша зейнетақы жүйелерінің екі дәстүрлі түрі: үлестіруші және жинақтаушы зейнетақы жүйелері ажыратылады. Үлестіруші зейнетақы жүйесінде зейнеткерлерге арналған төлемдер жұмыс істейтіндердің ағымдағы табыстары (бюджетке түсетін ағымдағы салық түсімдері) есебінен төленеді. Ал жинақтаушы жүйеде жұмыс істейтіндердің төлейтін жарналары егде жастағыларға төлем ретінде жұмсалмайды, олар жинақталып инвестицияланады, кейін сол инвестициялаудан алынған табыстармен бірге кезінде жарналарын жинақтаған тұлғаларды зейнетақымен қамсыздандыру үшін пайдаланылады.

Өзінде жинақтаушы және үлестіруші зейнетақы жүйелерінің элементтерін қамтитын, бірқатар елде қолданылып жүрген шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесін ерекше атап өткен жөн. Бұл ретте қатысушылар зейнетақы алу құқығын зейнетақы жүйесіне жарна аудару арқылы алады. Түскен жарналар мен олардың сомаларының есебі жеке жүргізіледі және зейнеткерлік жасына жеткен кезде, қатысушының шартты жинақталған зейнетақы капиталы аннуитеттік төлемдерге айналады.

1.1. Типы пенсионных систем

В мировой практике различают два классических типа пенсионных систем по принципу финансирования: распределительная и накопительная. В распределительной пенсионной системе выплаты пенсионерам производятся за счет текущих доходов работающих (текущих налоговых поступлений в бюджет). В накопительной работающее поколение платит взносы, которые не расходуются на выплату пожилым людям, а накапливаются, инвестируются и вместе с полученными от инвестирования доходами в дальнейшем используются для пенсионного обеспечения именно тех, кто осуществлял накопление.


Особо можно выделить условно-накопительную пенсионную систему, которая применяется в некоторых странах и сочетает в себе элементы распределительного и накопительного типов пенсионных систем. При этом, право на пенсию зарабатывается путем отчисления взносов участника в пенсионную систему. Учет поступающих взносов и их сумм ведется индивидуально, условный баланс накоплений может индексироваться, и по достижении пенсионного возраста условный накопленный пенсионный капитал участника преобразуется в аннуитетные выплаты.





Зейнетақы жүйелерін қолданудың халықаралық тәжірибесіне шолу мемлекеттердің зейнетақы жүйелерінің тек бір түрін сирек қолданатынын көрсетті, негізінен жүйелердің дәстүрлі түрлерінің әртүрлі үйлесімдері, тіпті "гибридтері" кездеседі. Соңғылары жүйенің қаржылық тұрақтылығын қамсыздандыруға септігін тигізеді, орнын ауыстырудың неғұрлым жоғары коэффициентін қамтамасыз етіп, бір компоненттің кемшіліктерін басқасының артықшылықтары есебінен басуға мүмкіндік береді.

Обзор международного опыта применения пенсионных систем показывает, что государства редко используют только один тип системы, в основном встречаются различные комбинации и даже "гибриды" классических типов систем. Последние способствуют обеспечению финансовой устойчивости системы, позволяют обеспечить более высокий коэффициент замещения и сгладить минусы одного компонента за счет плюсов другого.





Өлемнің 80-нен астам елінде зейнетақы реформаларын еткізу үдерісіне қатысқан Дүниежүзілік Банктің сарапшылары сәйкес жағдайда нақты жинақтаушы және үлестіруші құрамдас бөліктерден құралатын зейнетақымен қамсыздандырудың көп компонентті жүйелерінің артықшылықтарын мойындайды.

1.2. Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі

Қазақстанның қолданыстағы зейнетақы жүйесі көп құрамдауышты болып табылады. Естеріңізге сала кетсек, Қазақстан Республикасы 1998 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында бірінші болып зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалады. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап зейнетақы реформасына дейін Қазақстанда Кеңес Одағынан мұра болып қалған ортақ зейнетақы жүйесі қолданылып келді. Мұндай жүйенің басты қағидаты – ұрпақ ынтымақтастығы, яғни жұмыс істейтіндер зейнеткерлерді қамтамасыз етеді.

Дегенмен Одақ күйреген соң, жаңа мемлекеттің экономикалық жағдайына байланысты, зейнетақы жүйесінің ортақ үлгісінің көрсеткіштері нашарлап кетті. Ол

Эксперты Всемирного банка, участвовавшие в проведении пенсионных реформ более чем в 80 странах мира, также признают преимущества многокомпонентных систем пенсионного обеспечения, которые, при соответствующих условиях, содержат определенную накопительную и распределительную составляющие.

1.2. Пенсионная система Республики Казахстан


Действующая пенсионная система Казахстана является многокомпонентной. Напомним, Республика Казахстан первой из стран Содружества Независимых Государств в 1998 году осуществила реформу пенсионного обеспечения. С момента обретения страной независимости до пенсионной реформы в Казахстане действовала солидарная пенсионная система, доставшаяся в наследство от Советского Союза. Главный принцип такой системы – солидарность поколений, когда работающее население обеспечивает пенсионеров.

Однако после развала Союза произошло ухудшение показателей солидарной модели пенсионной системы из-за экономического положения нового государства. Тогда



кездері елімізде тұрмысқа қажетті алғашқы өнімдер тапшы болды, кәсіпорындар мен өндірістердің басым бөлігі жабылды, халық айлап жалақы көрген жоқ, жұмыссыздар саны күннен-күнге өсіп отырды. 1992 жылы елді гиперинфляция дүрліктірді, оның көлемі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2 960,8%-ды құрады. Ол тек 1995 жылға қарай ауыздықталды, бұл кездері инфляцияның көлемі 60,3%-ды құрады. Сонымен қатар, бұрынғы КСРО республикаларының басым бөлігінде, соның ішінде Қазақстанда да зейнеткерлер санының өсуі жағдайында бала туудың қысқаруы байқалды. Бұл құбылыстың салдары бүгінге дейін сезіліп келеді, және келешекте қазіргі жастардың ата-аналарының буынында бала туудың күрт азаюына байланысты кезекті құлдыраудың туындауы байқалатын демографиялық жаңғырықтың екінші толқынында да сезіле бермек. Дегенмен, қазіргі бала туу коэффициенттері сақталған жағдайда, құлдырау азырақ байқалуы мүмкін.

в стране был дефицит продуктов первой необходимости, большинство предприятий и производств закрывалось, людям месяцами не выплачивалась заработная плата, увеличивалось число безработных. В 1992 году страну сотрясала гиперинфляция, которая, по данным Агентства Республики Казахстан по статистике, составляла 2 960,8%. Обуздать ее получилось только к 1995 году, когда инфляция составила 60,3%. Кроме того, в большинстве республик бывшего СССР, в том числе и в Казахстане, наблюдалось сокращение рождаемости, при увеличении числа пенсионеров. Последствия этих явлений сказываются до сих пор, они будут ощущаться и в будущем, в так называемой второй волне демографического эха, когда может наблюдаться очередной спад в молодых возрастных группах, связанный с резким снижением рождаемости в поколении их родителей. Однако при сохранении текущих коэффициентов рождаемости провал будет меньше.





Бұл себептер қолданыстағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін өзгерту: ұрпақ ынтымақтастығына негізделген үлестіруші әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп көшу қажеттілігін тудырды. 2018 жылы Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 20 жылдығы атап өтілді, демек жүйе қалыптасу жолының тең жартысы өңсерді. Жалпы қалыптасқан ұғым бойынша, жүйенің толық циклі, оған ең болмаса бір ұрпақ қатыса алуы үшін, 40 жылды құрауы тиіс.


Эти причины вызвали необходимость преобразования действующей системы пенсионного обеспечения: постепенный переход от распределительной системы социального обеспечения, основанной на солидарности поколений, в сторону накопительной пенсионной системы. В 2018 году накопительная пенсионная система Республики Казахстан отметила 20-летие, а значит прошла ровно половину пути становления. Общепринято считать, что полный цикл системы равен 40 годам, чтобы хотя бы одно поколение участвовало в ней.

Қазіргі жағдайда зейнетақы төлемдерінің қаржы көздерін әртарапандыру қағидаты (жүйеде зейнетақы төлемдерінің бірнеше көзі болған кезде) қазақстандық зейнетақы жүйесіне қаржылық тұрғыдан тұрақты болып қалуға және зейнетақы табысының неғұрлым жоғары деңгейін қамсыздандыруға мүмкіндік береді.

В текущей ситуации принцип диверсификации источников пенсионных выплат (когда в системе несколько источников пенсионных выплат) позволяет казахстанской пенсионной системе оставаться финансово устойчивой и обеспечить более высокий уровень пенсионного дохода.

Зейнетақының төлем көздері

Источники пенсионных выплат






Зейнетақымен қамсыздандырудың іргетасы – бұл салық төлемдері есебінен бюджетке қаржыландырылатын базалық және ынтымақты зейнетақы төлемдері. Екінші деңгей қызметкерлердің міндетті 10% жарналарын және жұмыс берушілердің зиянды жағдайда еңбек ететін қызметкерлерінің табысынан 5% көлеміндегі міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын қамтиды. Ал үшінші деңгей ерікті зейнетақы жарналарынан құралады.

1.3. 2018 жылғы жиынтық зейнетақы

Екінші және үшінші деңгейлер жинақтаушы болып табылады және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) салымшылардың жеке зейнетақы шоттарында қалыптасады. Дегенмен 2018 жылғы 11 қазаннан бастап екінші деңгейдегі төлем зейнет жасына келгенде бірінші деңгеймен қоса "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының тұрғылықты мекенжай бойынша бөлімшелерінде (Халыққа қызмет көрсету орталығы – ХҚКО) ресімделеді. I және II топтағы мүгедектік мерзімсіз белгіленген жағдайда, салымшы екінші деңгейлі төлемдерді алу үшін БЖЗҚ-на жүгінуі тиіс. Үшінші деңгейлі төлемдер де БЖЗҚ-да ресімделеді. Барлық деңгейлер ескерілген жиынтық зейнетақы төмендегідей болады:



Базалық зейнетақыны зейнет жасына толған барлық зейнеткерлердің алуына болады, бірақ оның көлемі 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 1998 жылға дейінгі еңбек өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты. Мәселен, жалпы еңбек өтілі 10 жыл немесе одан кем болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 54%-ды құрайды (2018 жылы – 15 274 теңге), 10 жылдан астам еңбек өтілінің әр жылына арналған базалық зейнетақының көлемі 100%-дық белгіге жеткенше, 2%-ға көтеріліп тұрады.

Фундамент пенсионного обеспечения – это базовая и солидарная пенсионные выплаты, финансируемые из бюджета за счет налоговых поступлений. Второй уровень включает в себя обязательные 10% взносы работников и обязательные профессиональные пенсионные взносы работодателей в размере 5% от доходов работников, занятых в опасных условиях труда. И третий уровень состоит из добровольных пенсионных взносов.

1.3. Совокупная пенсия в 2018 году

Второй и третий уровни являются накопительными и формируются на индивидуальных пенсионных счетах вкладчиков в Едином накопительном пенсионном фонде (ЕНПФ). Однако с 11 октября 2018 года выплата по достижении пенсионного возраста из второго уровня вместе с первым оформляется в подразделениях Государственной корпорации "Правительство для граждан" по месту жительства (Центр обслуживания населения – ЦОН). При бессрочном установлении инвалидности I и II групп инвалидности, вкладчику за выплатами второго уровня необходимо обращаться в ЕНПФ. Выплаты из третьего уровня оформляются также в ЕНПФ. Совокупная пенсия с учетом всех уровней выглядит следующим образом:

На базовую пенсию могут рассчитывать абсолютно все пенсионеры по возрасту, однако ее размер с 1 июля 2018 года зависит от трудового стажа до 1998 года и стажа участия в накопительной пенсионной системе. Так, при общем стаже 10 лет или менее, базовая пенсия составит 54% от прожиточного минимума (в 2018 году – 15 274 тенге), за каждый год свыше 10 лет стажа размер базовой пенсии будет повышаться на 2%, пока не достигнет отметки в 100%.



Ортақ зейнетақыны 1998 жылға дейін кем дегенде жарты жыл еңбек өтілі бар азаматтардың алуына болады. Оның көлемі еңбек өтіліне де, еңбекақы көлеміне де байланысты. Есептеген кезде қызметкердің 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмысындағы үзілістерге қарамастан, кез келген үш жыл қатарынан орташа айлық табысы ескеріледі, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін орташа айлық табыс көлемі БЖЗҚ-на міндетті зейнетақы жарналарын аударуға негіз болған табысқа сәйкес белгіленеді. Зейнетақының ең жоғары мөлшері орташа айлық табыстың 75%-нан аспауы тиіс, оның жоғарғы шегі 46 айлық есептік көрсеткішпен шектеледі (2018 жылы – 110 630 тг).

БЖЗҚ-ның жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті жарналар есебінен құрылған жинақтардан зейнетақы төлемдері 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын төленеді. Бірақ жинақтар сомасы 12 ең төмен зейнетақы сомасынан аспайтын болса (2018 жылы – 404 940 тг), онда төлем бір жолғы төлеммен жасалады. Ай сайынғы зейнетақы төлемінің көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінен 54%-дан төмен болмауы тиіс және ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген (02.10.2013 ж. № 1042, 09.10.2018 ж. Жағдай бойынша өзгертулері мен толықтыруларын қоса) Зейнетақы төлемдерінің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес анықталады:

ЖИНАҚТАР СОМАСЫ

× КОЭФФИЦИЕНТ ÷ 12

СУММА НАКОПЛЕНИЙ

| Салымшының жасы Возраст вкладчика | Ағымдағы құн коэффициенті Коэффициент текущей стоимости |
|--------------------------------------|--|
| 59 | 0,09582 |
| 60 | 0,09764 |
| 61 | 0,09969 |
| 62 | 0,10202 |
| 63 | 0,10467 |
| 64 | 0,10771 |
| 65 | 0,11121 |
| 66 | 0,11528 |
| 67 | 0,12005 |
| 68 | 0,1257 |
| 69 | 0,13246 |
| 70 | 0,14067 |
| 71 | 0,15081 |
| 72 | 0,16362 |
| 73 | 0,18024 |
| 74 | 0,20257 |
| 75 | 0,23404 |
| 76 | 0,28152 |
| 77 | 0,36099 |
| 78 | 0,52048 |
| 79 | 1 |

Солитарную пенсию получают те, кто имеет не менее полугодя трудового стажа до 1998 года. Размер ее одновременно зависит от стажа работы и заработной платы. При расчете учитывается среднемесячный доход за любые три года подряд независимо от перерывов в работе, начиная с 1 января 1995 года, за период с 1 января 1998 года размер среднемесячного дохода устанавливается соответственно доходу, с которого осуществлялись обязательные пенсионные взносы в ЕНПФ. Максимальный размер пенсии не может превышать 75% от среднемесячного дохода, верхняя граница которого ограничивается 46 месячными расчетными показателями (в 2018 году – 110 630 тг).

Пенсионные выплаты из накоплений на индивидуальных пенсионных счетах в ЕНПФ, сформированных за счет обязательных видов взносов, с 1 января 2018 года осуществляются ежемесячно. Однако, если сумма накоплений не превышает 12 минимальных пенсий (в 2018 году – 404 940 тг), то выплата производится единовременно. Размер ежемесячной пенсионной выплаты не должен быть ниже 54% от прожиточного минимума, и определяется в соответствии с Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан (№ 1042 от 02.10.2013, с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.10.2018 г.):



Азамат зейнеткерлікке шықпай тұрып қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері БЖЗҚ-да оның жинақтаған барлық зейнетақы жинақтарын заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес толық көлемде алады, мемлекеттік бюджеттегі зейнетақы мұраға қалдырылмайды.

В случае, когда гражданин не дожил до выхода на пенсию, его наследники получают все его пенсионные накопления в ЕНПФ в полном объеме и в порядке, установленном законодательством, пенсии из государственного бюджета не наследуются.

